

Маңғыстау облысында карантиндік және басқа да аса қауіпті жұқпалы ауруларды алдын ала сауықтыру және оған қарсы күрес жөніндегі 2002-2006 жылдарға арналған іс-шараларының кешенді жоспарын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімиятының қаулысы 2001 жылғы 29 желтоқсан N 69. Маңғыстау облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 18 қантарда N 682 тіркелді.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" және "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып облыс әкімінің 2001 жылы 23 мамырда қабылданған N 105 "Маңғыстау облысында карантиндік және басқа да аса қауіпті жұқпалы ауруларды алдын ала сауықтыру және оған қарсы күрес жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған іс-шараларының кешенді жоспарын бекіту туралы" шешімін қалпына келтіру мақсатында, облыстық әкімият алқасы қаулы етеді:

1. Маңғыстау облысында карантиндік және басқа да аса қауіпті жұқпалы ауруларды алдын ала сауықтыру және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларының кешенді жоспары бекітілсін.

2. Қалалар мен аудандардың әкімдері, Облыстық денсаулық сақтау басқармасы (Досбаев А.С.), Облыстық санэпидемстанциясы (Нейзер В.Э.), Маңғыстау обаға қарсы станциясы (Косовцев В.Я.), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігінің облыстық аймақтық басқармасы (Берішбаев С.Б.), Облыстық ішкі істер басқармасы (Байжасаров Б.З.), Облыстық жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік бақылау басқармасы (Коданов О.Ш.), Облыстық телекоммуникация дирекциясы (Бинаев Н.Б.) көрсетілген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Облыс әкімінің 2001 жылғы 23 мамырдағы N 105 "Маңғыстау облысында

карантиндік және басқа да аса қауіпті жұқпалы ауруларды алдын ала сауықтыру және оған қарсы күрес жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған іс-шараларының кешенді жоспарын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп саналсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары М.М.Бортникке жүктелсін.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК